

FTAMP 10.27
ӨОЖ 34.347
JEL K12, F53

<https://doi.org/10.46914/2959-4197-2025-1-4-248-257>

ҚАЛЫМЫРЗА Ғ.М.,*¹

докторант.

*e-mail: g.kalmyrza@turan-edu.kz

ORCID ID: 0009-0001-5154-6180

АЛАЕВА Ғ.Т.,¹

з.ғ.к., профессор.

e-mail: g.alayeva@turan-edu.kz

ORCID ID: 0000-0002-1644-3709

КӘДІРБАЙ А.Ә.,¹

з.ғ.м., сениор-лектор.

e-mail: a.kadirbay@turan-edu.kz

ORCID ID: 0009-0001-3694-5415

¹«Тұран» университеті,

Алматы қ., Қазақстан

ТАУАР БЕЛГІЛЕРІН ЗАҢСЫЗ ПАЙДАЛАНУДЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

Андатпа

Тауар белгілерін заңсыз пайдалануды халықаралық құқықтық реттеу зияткерлік меншік құқығын қорғауда шешуші рөл атқарады. Ұлттық заңнамадағы айырмашылықтар және халықаралық ынтымақтастықтың жеткіліксіздігі сияқты проблемаларға қарамастан, оларды шешудің нақты жолдары бар. Заңнамаларды үйлестіру, ынтымақтастықты күшейту және заманауи технологияларды қолдану контрафакцияға қарсы күрестің тиімділігін едәуір арттырып, құқық иелерінің мүдделерін қорғауға және жаһандық нарықта әділ бәсекелестікті қамтамасыз етуге ықпал етуі мүмкін. Бұл мақалада авторлар тауар белгілерін заңсыз пайдаланумен күресуге бағытталған негізгі халықаралық құқықтық тетіктерді зерттейді. Олар сондай-ақ негізгі мәселелерді талдайды және оларды шешу жолдарын ұсынады. ТМД елдерінде де, континенттік құқық жүйесі бар кейбір елдерде де (Литва, Испания, Италия) тауар белгілерін заңсыз пайдаланғаны үшін қылмыстық жауапкершілікке ерекше назар аударылады. Авторлар Қазақстан Республикасында зияткерлік меншікті қорғау халықаралық стандарттарға сәйкес келетін заманауи заңнамалық базаға негізделеді деген қорытындыға келді. Алайда құқық қолданудың тиімділігін арттыру үшін құқықтық қатынастарға қатысушылардың хабардарлығын жақсартуға, қылмыстық және әкімшілік заңнаманың санкцияларын қатаңдатуға, сондай-ақ халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған қосымша шаралар қабылдау қажет.

Тірек сөздер: тауар белгісі, тауар белгісін заңсыз пайдалану, зияткерлік меншік, өнеркәсіптік меншік, авторлық құқық, қылмыстық жауапкершілік.

Кіріспе

Тауар белгілері қазіргі экономикада тауарлар мен қызметтерді дараландыру құралы, сондай-ақ брендтердің беделін құру және сақтау құралы ретінде маңызды рөл атқарады. Тауар белгілерін заңсыз пайдалану (контрафакция) құқық иелеріне, тұтынушыларға және жалпы экономикаға үлкен қауіп төндіреді. Тауарлар мен қызметтерді даралау, сондай-ақ оларды құқықтық қорғау мәселесі әсіресе әлемдегі бәсекелес тауарлар мен қызметтерді өндірушілер санының артуы жағдайында өзекті болды. Тауар белгілері және тауарлардың шыққан жерінің атаулары сияқты даралау құралдары әлеуетті сатып алушылардың назарын тауарға аударуға, оны нарықтағы ұқсас тауарлардың арасынан бөліп көрсетуге, оны тануды жеңілдетуге көмектеседі.

Өртүрлі өндірушілер үшін тең жағдайлар жасау, олардың қызметіне бәсекелестікті енгізу және жауапкершілікті арттыру, сондай-ақ халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін нарықты тауарлар мен қызметтермен қанықтыру қажеттілігі өндірілетін тауарлар мен қызметтерді тиісті дараландыруды қамтамасыз ететін құқықтық тетікке объективті

қажеттілікті анықтайды. Осыған байланысты қолданыстағы заңнама тауар белгілері мен тауарлар шығарылған жерлердің атауларын қоса алғанда, зияткерлік меншік объектілерінің құқықтық қорғалуын қамтамасыз ететін негізгі ережелерді бекітеді. Егер жоғарыда аталған құқықтық актілерге қысқаша тоқталсақ, Париж конвенциясы тауар белгілерін қоса алғанда, өнеркәсіптік меншікті қорғау мәселелері бойынша алғашқы халықаралық құжаттардың бірі болып табылады. Конвенция тауар белгілерін қорғаудың ұлттық режимін қамтамасыз ете отырып, барлық қатысушы мемлекеттер үшін тең жағдайларды көздейді.

Дүниежүзілік сауда ұйымы (бұдан әрі – ДСҰ) жүйесінің бөлігі болып табылатын ТАПИС тауар белгілерін қорғаудың ең төменгі стандарттарын белгілейді және оларды қорғаудың тиімді тетіктерін көздейді. ТАПИС қатысушы мемлекеттерді тауар белгілерін заңсыз пайдаланғаны үшін қылмыстық және азаматтық санкциялар қарастыруға міндеттейді.

Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымы (бұдан әрі – ДЗМҰ) басқаратын Мадрид жүйесі құқық иелеріне тауар белгісін бірден бірнеше елде тіркеуге мүмкіндік береді, бұл тіркеу процесін едәуір жеңілдетеді және онымен байланысты шығындарды азайтады.

Еуропалық Одақта (бұдан әрі-ЕО) ЕО-ның тауарлық белгілер туралы Ережесін [1] және ЕО-ның тауарлық белгілер туралы директивасын [2] қамтитын өзінің тауарлық белгілерді қорғау жүйесі жұмыс істейді. Бұл актілер ЕО аумағында тауар белгілерін тіркеу мен қорғаудың бірыңғай стандарттарын белгілейді. ТМД елдерінде бірыңғай тіркеу жүйесінің болмауына байланысты тауар белгісі Мадрид жүйесі бойынша немесе ұлттық рәсімдерге сәйкес тіркелетінін атап өткен жөн. ТМД елдеріндегі ұлттық рәсімдердің айырмашылығы тек мерзімдерде, баждарда және нормативтік реттеуде.

Осылайша, халықаралық құқықтық актілердің болуына қарамастан, әр түрлі елдерде тауарлық белгілерді реттеу айтарлықтай өзгеруі мүмкін. Бұл халықаралық деңгейде өз құқықтарын қорғауда құқық иелеріне қиындықтар туғызады.

Тауар белгілерін заңсыз пайдаланумен тиімді күресу халықаралық ынтымақтастықты қажет етеді. Алайда іс жүзінде әр түрлі елдердің мемлекеттік органдары арасындағы өзара іс-қимыл жеткіліксіз болып шығады, бұл бұзушылықтарды анықтауды және оның жолын кесуді қиындатады.

Сонымен қатар, электрондық коммерцияның дамуымен интернетте тауар белгілерін заңсыз пайдалану үлкен проблемаға айналды. Интернеттегі бұзушылықтармен күресу әрдайым тиімді бола бермейді, сондықтан нақты тәсілдер мен технологияларды қажет етеді.

Тауар белгілерін қорғау саласындағы ұлттық заңнамаларды үйлестіру және құқық қолдану тәжірибесін жақсартуға көмектеседі. Бұл бағытта ДЗМҰ мен ДСҰ ұйымдастыратын халықаралық конференциялар мен семинарлар пайдалы болуы мүмкін. Халықаралық ынтымақтастықты дамыту, оның ішінде ақпарат алмасу және контрафакцияға қарсы бірлескен операциялар арқылы құқық қолдану тиімділігін едәуір арттыра алады. Сондай-ақ зияткерлік меншікті қорғаумен айналысатын құқық қорғау органдарымен және ұйымдармен өзара іс-қимылды күшейту маңызды.

Жасанды интеллект және блокчейн сияқты заманауи технологияларды қолдану интернеттегі тауар белгілерін заңсыз пайдаланумен тиімді күресуге ықпал етуі мүмкін. Мысалы, автоматтандырылған бақылау жүйелері контрафактілік өнімдерді жедел анықтай алады.

Материалдар мен әдістер

Аталған мақаланың дерек көздері ретінде еліміздің отандық заңнамалары, осы саладағы халықаралық құқықтық құжаттары, сондай-ақ тауар белгілерін құқықтық тұрғыдан зерттеп жүрген қазақстандық және шетелдік авторлардың ғылыми еңбектері қарастырылады. Иванова Е.Г., Кондрашина В.А., Казарян А.В., Маклаков В.В., Прошина Ю. В., Bently L., Jane C. Ginsburg, Jeniffer Davis сынды авторлардың еңбектері басшылыққа алынды. Ғылыми зерттеу барысында ұлттық және шетелдердің заңнамасын салыстырып, құқықтық ерекшеліктерін анықтау, аналитикалық талдау, логикалық байланысын талдау секілді әдіс тәсілдер пайдаланылды. Талдау үшін құқық қорғау ұйымдары мен ғылыми мекемелер жүргізген есептер мен зерттеулер пайдаланылды. Құқық мен халықаралық құқықтың, атап айтқанда тауар белгілерін құқықтық қорғау және қорғау тарихын біздің республикамыздағы және әлемнің кейбір елдеріндегі тауар

белгілері бойынша дауларды шешу салыстырмалы-құқықтық талдаудың арнайы әдістерінің көмегімен зерттеледі.

Нәтижелер мен талқылау

Тауар белгілерін заңсыз пайдалануға қарсы іс-қимыл жөніндегі қазіргі заманғы шетелдік заңнаманы қарастырмас бұрын, осы институттың қалыптасу тарихымен қысқаша танысу қажет. Сонымен, әлемдегі тауар белгілері туралы заңнаманың даму тарихы салыстырмалы түрде көп бола қойған жоқ. Кейбір мәліметтерге көз жүгіртсек, тауар белгілері жөніндегі бастапқы құжат Францияда 1857 ж. қабылданып, күшіне енген екен. Тұтынушыларды шатастыру үшін бөтеннің тауар белгісіне еліктегені үшін ең алғаш рет қылмыстық жауаптылық Ұлыбританияда 1862 ж. қабылданған тауар таңбалары туралы нормативтік құжатта көрініс тапты. 1875 ж. қолданыста болған тауар белгілерді тіркеу туралы құжат Ұлыбританияның ведомствосында тауарлық белгіні тіркеуге үлкен үлесін қосты. Осы Заңмен алғаш рет тауар белгісін қорғау ұғымы енгізілді. Кейіннен 1905 жылғы заң қабылданды, оған 1919 және 1937 жж. аталған заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Ал 1938 ж. қазіргі қолданыстағы заң қабылданды, бұл АҚШ пен Жапониядағы сауда белгілері туралы заңнамасына айтарлықтай әсер етті. Бұл заң алғаш рет Қазақстанда 2018 жылдың маусым айында ғана қабылданған өтінімдерді жариялау жүйесін бекітті. Кейіннен бүкіл әлемде және соның ішінде Қазақстанда қабылданған заңда көптеген жаңалықтар болды.

Кеңестік кезеңдегі тауар белгілері туралы заңнаманы қорғау жүйесін атап өткен жөн. Мәселен, 1963 жылғы 28 желтоқсандағы ҚазКСР Азаматтық кодексінің 29-бабына сәйкес заңды тұлғаның өз атауы болады. Фирмалық атауды, өндірістік белгілер, өнімнің өзіндік ерекшеліктерін пайдаланатын заңды тұлғалардың құқықтары мен міндеттері Кеңес Одағының заң құжаттарымен анықталды. Еліміздің заң актілерінде дараландыру құралдарының арасынан фирмалық атымен тауар белгісі, сондай-ақ өндірістік маркалар ерекшеленді.

1974 жылғы 8 қаңтардағы «тауар белгілері туралы ереже «сол кездегі маңызды құжат болды, ол алғаш рет» тауар белгісі» ұғымын ұйымдардың өнімдерін, қызметтерін өзге өнімдермен қызметтерден ерекшелейтін белгі ретінде қарастырады. Бұл анықтама аздаған өзгерістермен сауда белгісінің қазіргі тұжырымдамасының негізіне айналды. Сонымен қатар, осы актіде егер жарамдылық мерзімі өтіп кетсе немесе азаматтың жеке еңбек қызметімен айналысуға арналған куәліктің күші жойылса, заң шығарушы алғаш рет тауар белгісіне құқықты тоқтату әдісін белгіледі [3, 48–51].

Тәуелсіз Қазақстанда тауар таңбалары туралы заңнаманың дамуы 1993 ж. «Тауар таңбалары, қызмет көрсету белгілері және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы «Заңның қабылдануымен басталды. Аталған Заң алты жылдан астам қолданыста болды және қазіргі қолданыстағы заңнаманың қабылдануына байланысты күші жойылды [4]. Зияткерлік меншік мәселелері Қазақстан Республикасының дамуы үшін әрқашан маңызды болды. 2014 ж. «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев Зияткерлік меншікті қорғау саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіру қажеттігін атап өтті [5].

1993 жылғы заң тауар белгілерін тіркеу және тіркеуден бас тарту бойынша мемлекеттік басқару органдарының орталық органы болып табылатын Ұлттық патенттік ведомствоның функцияларын бекітті. Бұдан басқа, тауар таңбалары мен қызмет көрсету белгілерін құқықтық қорғау кез келген шаруашылық жүргізуші субъектіге берілуі мүмкін. Осы тұста 1993 жылғы заң актісінің қабылдануы мен қазіргі әрекет етіп тұрған заңның арасында отыз жылдай уақыт өтседе, тауар белгілерін тіркеу, оны даулау уақытына байланысты ауыз толтырып айтатындай өзгерістер болмады.

«Тауар таңбасын пайдалану» ұғымының өзі Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 1025-бабында бекітілген [6].

Қазақстанда бөтеннің тауар белгісін рұқсатсыз пайдаланып, заңсыз табыс табатын болса құқықтық жауаптылық бекітілген. Еліміздің қылмыстық заңнамасында, оның ішінде тауар белгілерін заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілікті регламенттейтін нормаларды дайындау және қабылдау барысында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттер 1996 жыл-

ғы ұсынымдық сипаттағы заң құжатын, Модельдік Қылмыстық кодекстің нормаларын белсенді қолданғанын айта кеткеніміз дұрыс болар [7, 159].

Ашып айтсақ, модельдік Қылмыстық Кодекстің 267-бабы бойынша «біреудің тауар белгісін заңсыз пайдалану» ұғымымен «біреудің тауар таңбасын, қызмет көрсету таңбасын, фирмалық атауын, өнімнің өндірілген жерінің атауын, бәсекелестің тауарын таңбалауды немесе біртекті тауарлар немесе қызметтер үшін оларға ұқсас белгілерді заңсыз пайдалану салдарынан орасан көп көлемде залал болса, қылмыс деп саналады». Мысалы, Қазақстан Республикасы Қылмыстық заңнамасының 222-бабының санкциясы бойынша сексен айлық есеп көрсеткіш мөлшерінде айыппұл не сол мөлшерде түзеу жұмыстары, не сексен сағатқа төленбейтін қоғамдық жұмыстарға тарту не жиырма тәулікке дейін қамауға алу тағайындалады, сонымен қатар Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 158-бабының 20-дан 80 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл көрсетілген [8].

Осылайша, ҚР ӘҚБтК-нің 158-бабының санкциясы құқық бұзушылық субъектісіне байланысты 20-дан 80 АЕК-ке дейінгі диапазонда айыппұлдар белгілейді. ҚР Қылмыстық кодексінің 222-бабының санкциясы әртүрлі және айыппұлдардан басқа балама жазаларды қоса алғанда, жазалардың кең ауқымын ұсынады [9].

Еліміздің қылмыстық кодексінің 199-бабы бойынша өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, селекциялық жетістіктер, интегралдық микросхемалардың топологиялары секілді объектілерге құқықтарды бұзғаны жағдайда жауаптылық бекітілген.

Қарастырылып отырған мәселені неғұрлым нақты түсіну үшін зияткерлік меншікті қорғауға қатысты қылмыстық заңнамаға және континенттік құқықтың арнайы заңдарына назар аудару қажет. Бұл заңдар зияткерлік құқықтарды бұзғаны үшін жазаларды белгілейді және қылмыстық жауапкершілікке тарту процедурасының әртүрлі аспектілерін реттейді.

Еуропаның кейбір елдерінде Қылмыстық кодексте зияткерлік меншікке қол сұғушылық үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған.

Сонымен, Литва Қылмыстық кодексінде 29-тарау бар «зияткерлік және өнеркәсіптік меншікке қарсы қылмыстар» [10] оның ішінде мүдделерге қол сұғатын қоғамдық қатынастар объектісі болып табылатын қылмыстар тобы: авторлық құқық (192-бап), патенттер (193-бап), тауарлық белгілер және басқа да даралау белгілері (194-бап). Компанияның зияткерлік меншігі болып табылатын коммерциялық құпияларды жариялағанда қылмыстық жазаға жатады (30-тараудың 198-бабы).

Литваның Қылмыстық Кодексі бойынша зияткерлік және өнеркәсіптік меншік саласындағы қылмыстар үшін санкциялар қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығына және оны жасау мән-жайларына байланысты өзгереді: айыппұл тағайындалады, оның мөлшерін сот құқық бұзушылықтан келтірілген зиянға байланысты анықтайды; түзету жұмыстары; бірнеше айдан бірнеше жылға дейін бас бостандығынан айыру [11, 189].

Испанияның Қылмыстық кодексінде «зияткерлік және өнеркәсіптік меншікке, нарыққа және тұтынушыларға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы» 11-тарау бар [12], ол зияткерлік және өнеркәсіптік меншік қылмыстары үшін жауапкершілікті реттейтін ережелерді қамтиды. Зияткерлік меншік құқықтарын бұзуға қатысты қылмыстар үшін санкциялар қылмыстың ауырлығына және оны жасау мән-жайларына байланысты өзгереді. Кейбір жағдайларда жалған тауарларды тәркілеу немесе белгілі бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға тыйым салу сияқты қосымша шаралар тағайындалады.

Италияда біреудің сауда белгісін иесінің рұқсатынсыз пайдалану қылмыстық құқық бұзушылық болып табылады. Авторлық немесе патенттік құқықтарды бұзғаны үшін айыппұл және контрафактілік өнімдерді мәжбүрлеу арқылы тәркілеу бекітілген [13, 218–221].

Мәселен, Италияның Қылмыстық заңнамасының 473-бабында бөтеннің тауарлық белгілерін өзгертіп, қолдан жасауға және пайдалануға, сондай-ақ жалған белгілері бар тауарларды сату жөнінде нормалар айтылған. Мұндай әрекеттер үшін бір жылдан төрт жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы және 3500-ден 35000 еуроға дейін айыппұл қарастырылған.

Италияның Қылмыстық кодексінің 474-бабында заңсыз пайдаланылған сауда белгілері бар жалған тауарларды сақтау, сату немесе тарату сипатталған. Кінәлі адамдарға екі жылға дейін бас бостандығынан айыру және 20 000 еуроға дейін айыппұл салынуы мүмкін [14, 39].

Тұтастай алғанда, континенттік құқық елдерінің заңнамасын талдай отырып, біз тауар белгісін заңсыз пайдаланғаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартудың келесі проблемалық аспектілері бар:

1) қылмыстық жауапкершілікке тартудың заңды рәсімдерінің ұзақтығы мен күрделілігі; жалған тауарларды жеткізу тізбегінің әртүрлі қатысушылары (өндірушілер, дистрибьюторлар, сатушылар) арасындағы жауапкершілікті айқындау күрделі болуы мүмкін;

2) айыпталушының ниетін дәлелдеудің қиындығы, дәлелдемелерді жинауда елеулі күш-жігерді талап ететін және трансшекаралық бұзушылықтар жағдайында күрделене түсетін заңнама мен рәсімдердің айырмашылығы;

3) жалған тауарлардың жоғары сапасы оны түпнұсқадан ажыратуды қиындатады;

4) жұмыс тиімділігіне әсер ететін кадрлар мен құқық қорғау органдарын қаржыландырудың жетіспеушілігі.

Халықаралық деңгейде тауар белгілерін құқықтық қорғау мәселесін қарастырғанда, әлемдік нарықта контрафакциялық өнімдердің үлесі айтарлықтай жоғары екенін атап өткен жөн. Халықаралық ұйымдардың жариялаған бағалауларына сүйенсек, жалған тауарлардың жаһандық айналымы жыл сайын жүздеген миллиард долларды құрап, жалпы сыртқы сауда көлемінің шамамен үш пайызынан астамын иемденеді. Мұндай мәліметтер құқық иелері үшін ғана емес, сонымен бірге мемлекеттердің экономикалық қауіпсіздігі үшін де елеулі тәуекел туғызады. Сондықтан осындай қысқа статистикалық деректерді талдау бөліміне қосу тақырыптың практикалық салмағын айқын күшейтеді.

Интернет кеңістігінде контрафакцияның таралуы цифрлық экожүйемен тікелей байланысты болғандықтан, соңғы жылдары жалған өнімдермен күресте жаңа технологиялық шешімдер кеңінен қолданылуда. Мәселен, жеткізу тізбегінің әр кезеңін бақылауға арналған блокчейн негізіндегі жүйелер тауардың шыққан жерінен бастап тұтынушыға дейінгі қозғалысын бұрмалауға жол бермейді. Сонымен қатар, RFID/NFC маркерлерін пайдалану арқылы өнімнің түпнұсқалығын мобильді құрылғылар арқылы бір сәтте тексеруге болады. Электрондық сауда платформаларында енгізілген жасанды интеллект алгоритмдері визуалды және мәтіндік белгілері бойынша күмәнді тауарларды автоматты түрде анықтап, оларды тез арада жүйеден алып тастауға мүмкіндік береді. Мұндай технологиялық мысалдар зерттеудің ғылыми жаңалығын арттырып, контрафакцияға қарсы халықаралық тетіктердің эволюциясын көрсетуге жол ашады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының заңнамасы халықаралық шарттардың ережелеріне қайшы келмейтінін және тауар белгілерін қорғау саласындағы халықаралық міндеттемелерге сәйкес келетінін атап өткен жөн. Тауар белгілерін заңсыз пайдалану жөніндегі заңнаманы жетілдіру халықаралық ынтымақтастықты күшейтуді, санкцияларды қатаңдату, тіркеу рәсімдерін оңайлатуды, хабардарлықты арттыруды, өнімді қолдан жасауға қарсы күрес жөніндегі шараларды нығайтуды, бұзушылықтар туралы бірыңғай деректер базасын құруды және шағын және орта кәсіпорындарды қолдауды қамтитын кешенді тәсілді талап етеді. Бұл шаралар сауда белгілеріне құқықтарды тиімді қорғауды қамтамасыз етуге және экономикалық өсу мен инновацияларға ықпал етуге көмектеседі.

Оң тәжірибе ретінде Қазақстан Республикасында ТАПИС-ке қатысушы елдердің көпшілігі жасаған зияткерлік меншік бойынша мамандандырылған сот құру туралы мәселені қарау ұсынылады. Мамандандырылған патенттік соттардың оң тәжірибесін Германия (Федералды Патенттік Сот, Bundespatentgericht), Ұлыбритания (Patents Court және Intellectual Property Enterprise Court), Қытай және Оңтүстік Корея сияқты елдерде байқауға болады. [15, 73–75]

Қазақстанда мамандандырылған соттар құру сот шешімдерінің сапасын арттыру, істерді қарауды жеделдету, оңайлату және шығындарды азайту сияқты көптеген оң нәтижелер әкеледі. Бұл соттар инновациялар мен экономикалық өсуге ықпал ете отырып, зияткерлік меншік құқығын қорғаудың маңызды құралы болады.

Сонымен қатар, зияткерлік меншікті тиімді қорғауды қамтамасыз ету үшін қажетті қадам айыппұлдар мен бас бостандығынан айыру мерзімдерін ұлғайтуды қоса алғанда, тауар белгілерін заңсыз пайдаланғаны үшін ҚР ҚК және ҚР ӘҚБтК санкцияларын қатаңдату болып табылады.

ҚР ҚК және ҚР ӘҚБтК-нің баптары бойынша санкцияларды талдау ең жоғары айыппұл 80 АЕК (80*3932 теңге = 314 560 теңге) құрайтынын көрсетеді. Бұл сома зияткерлік меншік саласындағы құқық бұзушыларды тежеу үшін жеткілікті деп санаймыз.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі мен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген санкцияларды жүйелі түрде зерделеу зияткерлік меншікке қол сұғушылық үшін белгіленген айыппұлдардың ең жоғары шегі 80 айлық есептік көрсеткіштен аспайтынын көрсетеді. Аталған мөлшер қазіргі қолданыстағы есептік көрсеткіштің құнымен есептегенде бар-жоғы 314 560 теңгені құрайды. Бұл сома экономикалық тұрғыдан алғанда аса ауыр жүк болып саналмайды және заң бұзушылар үшін айтарлықтай қауіп тудырмайды.

Зияткерлік меншік объектілерін қорғау – инновациялық дамудың, шығармашылық белсенділіктің және адал бәсекелестіктің негізгі алғышарттарының бірі. Егер құқық бұзушылық жасаған тұлғалар үшін қаржылық жауапкершілік төмен деңгейде қалса, ондай санкциялар құқық бұзудан түсетін ықтимал пайдадан әлдеқайда кем болуы мүмкін. Мұндай жағдай құқық бұзушылардың тәуекелді «есептеп», айыппұлды қалыпты шығын ретінде қарастыруына әкеледі. Нәтижесінде қолданыстағы айыппұл мөлшері алдын алу функциясын толық атқара алмайды, яғни құқық бұзушылықтардың қайталануына тосқауыл бола алмайды.

Сонымен қатар айыппұлдардың аздығы құқық иелерінің құқықтарын қорғау тетіктеріне деген сенімін төмендетуі мүмкін. Авторлар мен өндірушілер көбіне сотқа жүгінудің орнына бұзушылықтарды «көз жұма» қабылдауға мәжбүр болады, өйткені қолданылатын жазаның тиімділігіне күмәнданады. Бұл жағдай шығармашылық индустриялардың дамуын тежейді және зияткерлік өнімдердің көлеңкелі айналымын ұлғайтады.

Осыған байланысты, санкциялар жүйесін қайта қарастырудың маңыздылығы артады. Айыппұл мөлшерін құқық бұзушылықтың қоғамдық қауіптілігіне сай арттыру, қайталанатын әрекеттер үшін қатаңдатылған жауапкершілік енгізу, сондай-ақ материалдық шығынды өтетудің нақты тетіктерін күшейту зияткерлік меншік құқығын қорғаудың тиімділігін едәуір арттыра алады. Мұндай шаралар құқық бұзушылар үшін нақты экономикалық тәуекел туғызып, құқық иелерінің мүдделерін қорғау деңгейін жоғарылатар еді.

ҚР ҚК 222-бабының бірінші және екінші бөлігінің диспозициясының сәйкессіздігін атап өткім келеді, бұл құқықтық белгісіздік пен құқық қолдану практикасында қиындықтар тудыруы мүмкін. Мәселен, аталған бапта екі түрлі қылмыстық құқық бұзушылық объектісі бар. Бірінші жағдайда біз қазірдің өзінде тіркелген зияткерлік меншік объектілерін немесе бірдей белгілері бар тауар белгілерін заңсыз пайдалану туралы айтып отырмыз. Екінші жағдайда – Қазақстан Республикасында тіркелмеген объектілерге қатысты құқықтық қорғауды көрсететін ескерту таңбасын заңсыз пайдалану туралы.

ҚР ҚК-нің 222-бабын талдау оның бірінші және екінші бөліктерінде көрсетілген құқыққа қарсы әрекеттердің құқықтық табиғаты бір-бірінен едәуір ерекшеленетінін айқын көрсетеді. Осы норманың диспозициялық құрылымындағы сәйкессіздік құқық қолдану процесінде әртүрлі интерпретацияларға жол ашып, құқықтық анықтық қағидатын толық қамтамасыз етпейді. Бірінші бөлік негізінен Қазақстан Республикасында тиісті тәртіппен мемлекеттік тіркеуден өткен зияткерлік меншік объектілерін – мысалы, тауар белгілерін, қызмет көрсету белгілерін немесе өнеркәсіп үлгілерін – рұқсатсыз пайдалануға қатысты. Бұл жерде қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісі ретінде нақты құқықпен қорғалатын, тіркелген айрықша құқықтар қарастырылады. Яғни, құқық иеленушінің мүліктік құқығына тікелей нұқсан келтіру немесе соған нақты қауіп төндіру маңызды мәнге ие.

Ал баптың екінші бөлігінде сипатталған құқыққа қайшы әрекет мүлдем басқа құқықтық қатынастар саласына жатады. Бұл бөлім Қазақстан Республикасында тіркелмеген зияткерлік меншік объектілеріне қатысты құқықтық қорғауды білдіретін ескерту таңбасын (мысалы, ©, ®, ™) заңсыз қолдануға бағытталған. Мұндай жағдайда нақты тіркелген құқық бұзылмайды, алайда қоғамды және нарық қатысушыларын жаңылыстыру қаупі туындайды. Сондықтан мұнда қылмыстық-құқықтық қорғаудың объектісі ретінде құқықтық айқындық, адал бәсеке және тұтынушылардың ақпараттану құқығы қарастырылады.

Осылайша, бір баптың шеңберінде екі түрлі құқықтық мүдденің қорғалуы диспозициялардың өзара үйлесімділігіне әсер етіп, құқық қорғау органдары үшін құқық бұзушылықты дұрыс саралау міндетін күрделендіреді. Мұндай жағдай құқықтық нормалардың анық-

тығы мен болжамдылығын қамтамасыз ету мәселесін қайта қарауды талап етеді. Нормативтік тұжырымдарды нақтыландыру және қылмыстық құрамдарды егжей-тегжейлі дифференциациялау құқық қолданудың бірыңғайлығын арттырып, құқықтық қауіпсіздікті күшейтуге мүмкіндік береді.

Белгілі болғандай, Қылмыстық Кодекстің баптарының бөліктерінің конструкциясы қылмыстық құқық бұзушылықтардың негізгі және ауырлататын құрамдарын нақты ажыратуға, сондай-ақ құқықтық сенімділік пен нормалардың біркелкі қолданылуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл әсіресе құқық қорғаушылар, судьялар мен адвокаттар үшін өте маңызды, олар істерді қарау кезінде қылмыстық кодекстің ережелерін дәл түсініп, дұрыс түсіндіруі керек. Қылмыстық кодекстің бірінші бөлігі көп жағдайда құқық бұзушылық болып табылатын әрекетті сипаттайды және аталған құқық бұзушылықтың объективті жағын, сонымен бірге құқықбұзушылық құрамының негізгі белгілерін анықтайтын диспозицияны қамтиды. Баптың екінші бөлігінде жауапкершілікті күшейтетін ауырлататын мән-жайлар сипатталады: ерекше қатыгездікпен жасалған әрекеттер; алдын ала сөз байласу бойынша адамдар тобы; жәбірленушілердің белгілі бір санаттарына қатысты және т.б.

Тиісінше, құқық қолдануда консистенцияны сақтау үшін ҚР ҚК-не өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етіледі, атап айтқанда ҚР ҚК-нің 222-бабы бойынша бөтеннің дараландыру белгілерін заңсыз пайдалану саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды қалдыру ұсынылады.

Сонымен, Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінде жауапкершілікті қатаңдату қажет, анығырақ айтсақ: айыппұлдың мөлшерін 180 айлық есеп көрсеткішке дейін көтеру, немесе сол уақытқа түзеу жұмыстарына немесе 180 сағатқа қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық бес тәулікке қамауға алу жазасы тағайындалады. Осы аталған баптардың қолданыстағы санкциялары жазаның мақсаттарына толық сәйкес келмейді. Жазаны қатайту құқық бұзушылар үшін күшті тосқауыл болады. Қатаң жазалар тауарлық белгілерді заңсыз пайдалануды, құқық бұзушылық деңгейінің төмендеуіне ықпал етеді деген пікірдеміз.

Жазаны қатайтудың басты мақсаты – қоғамдағы құқықтық тәртіпті нығайту және құқық бұзушылықтардың алдын алу. Яғни қатаң шаралар жеке және жалпы сипаттағы профилактикалық ықпалдың деңгейін күшейтеді. Жекелей алғанда, жазаны күшейту тауар белгісін заңсыз пайдаланған тұлғаның өз әрекетінің салдарын тереңірек түсінуіне, сондай-ақ оны қайта жасау ықтималдығын төмендетуге бағытталады. Адам өзінің заңсыз әрекеті үшін елеулі материалдық немесе басқадай ауыр жауапкершілікке тартылатынын нақты сезінгенде, құқыққа қайшы мінез-құлыққа барудан бас тартуға бейім болады. Сонымен бірге, жазаны қатайту жалпы құқықтық мәдениеттің артуымен де байланысты. Жазаның ауыр болуы құқық иеленушілердің, кәсіпкерлердің, азаматтардың және мемлекет институттарының мүдделерін қорғауды барынша күшейтеді. Әсіресе экономикалық, қаржылық, зияткерлік меншік салаларындағы құқық бұзушылықтарда қатаң санкциялар құқықтық қатынастардың тұрақтылығын қамтамасыз етуге көмектеседі. Осы тұрғыдан алғанда, жазаны қатайту тек жазалау құралы ғана емес, сонымен қатар құқықтық тәртіптің тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды әлеуметтік-мемлекеттік тетік болып табылады деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Regulation (EU) 2017/1001 Of the European Parliament and of the Council of 14 June 2017 on the European Union trade mark. URL: <https://www.wipo.int/wipolex/ru/legislation/details/18298>

2 Directive (EU) 2015/2436 of the European Parliament and of the Council of 16 December 2015 to approximate the laws of the Member States relating to trade marks. URL: <https://eur-lex.europa.eu/eli/dir/2015/2436/oj/>

3 Иванова Е.Г. История развития понятия товарного знака и его функций // Юридическая наука. – 2014. – № 3. – С. 48–51. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/istoriya-razvitiya-ponyatiya-tovarnogo-znaka-i-ego-funktsiy/viewer>

4 Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 26 шілдедегі № 456 Заңы. URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z990000456_

5 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар. URL: https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-nazarbaeva-narodu-kazahstana-17-yanvary-2014-g (өтініш берілген күн: 20.05.2024)

6 Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім) 1999 жылғы 1 шілдедегі № 409 Кодексі. URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/K990000409_

7 Кондрашина В.А. Уголовная ответственность за незаконное использование товарного знака по законодательству России и зарубежных стран. Дис... канд. юрид. наук. – Казань, 2004. – С. 159. URL: <https://www.dissercat.com/content/ugolovnaya-otvetstvennost-za-nezakonnoe-ispolzovanie-tovarnogo-znaka-po-zakonodatelstvu-ross>

8 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000226>

9 Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000235>

10 Уголовный кодекс Литовской Республики. URL: <https://www.lithuanialaw.com/lithuanian-criminal-code-495>

11 Bently L., Ginsburg J.C., Davis Je. The Making of Modern Trade Marks Law the Construction of the Legal Concept of Trade Mark (1860–1880) // Cambridge University Press. 2008. No. 6. P. 3–41. URL: <https://tind.wipo.int/record/27788>

12 Уголовный кодекс Испании. URL: <https://www.mjusticia.gob.es/es/AreaTematica/DocumentacionPublicaciones/>

13 Маклаков В.В. Конституция зарубежных государств. – М.: Издательство БЕК, 1999. – 584 с.

14 Казарян А.В. Специализированные суды по интеллектуальным правам // Журнал Суда по интеллектуальным правам. – 2015. – № 8. URL: <http://jursite.garant.ru/legal-issues/specialized-courts-for-intellectual-property-rights?ysclid=lyl4xbdkqm937400251>

15 Прошина Ю.В. Уголовная ответственность за преступления против интеллектуальной собственности по законодательству стран Европы // Молодой ученый. – 2017. – № 23(157). – С. 202–204. URL: <https://moluch.ru/archive/157/44342/>

REFERENCES

1 Regulation (EU) 2017/1001 Of the European Parliament and of the Council of 14 June 2017 on the European Union trade mark. URL: <https://www.wipo.int/wipolex/ru/legislation/details/18298> (In English).

2 Directive (EU) 2015/2436 of the European Parliament and of the Council of 16 December 2015 to approximate the laws of the Member States relating to trade marks URL: <https://eur-lex.europa.eu/eli/dir/2015/2436/oj/> (In English).

3 Ivanova E.G. (2014) Istorija razvitija ponjatija tovarnogo znaka i ego funkcij // Juridicheskaja nauka. No. 3. P. 48–51. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/istoriya-razvitiya-ponyatiya-tovarnogo-znaka-i-ego-funktsiy/viewer> (In Russian).

4 Tauar belgileri, qyzmet körsetu belgileri, geografialyq nüsqamalar jäne tauarlar шығарылған jerlerdiñ ataulary turaly Qazaqstan Respublikasynyñ 1999 jylғы 26 şilдедегі N 456 Zańy. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z990000456> (In Kazakh).

5 Qazaqstan Respublikasynyñ Prezidenti N.Ä. Nazarbaevtyñ Qazaqstan joly – 2050: Bir maqsat, bir müdde, bir bolaşaq Qazaqstan halqyna Joldaуy. 2014 jylғы 17 qańtar. URL: https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-nazarbaeva-narodu-kazahstana-17-yanvary-2014-g (ötiniş berilgen күn: 20.05.2024). (In Kazakh).

6 Qazaqstan Respublikasynyñ azamattyq kodeksi (erekşe bölim) 1999 jylғы 1 şilдедегі No. 409 Kodeksi. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K990000409> (In Kazakh).

7 Kondrashina V.A. (2004) Ugolovnaja otvetstvennost' za nezakonnoe ispol'zovanie tovarnogo znaka po zakonodatel'stvu Rossii i zarubezhnyh stran. Dis... kand. jurid. nauk. Kazan'. P. 159. URL: <https://www.dissercat.com/content/ugolovnaya-otvetstvennost-za-nezakonnoe-ispolzovanie-tovarnogo-znaka-po-zakonodatelstvu-ross> (In Russian).

8 Qazaqstan Respublikasynyñ Qylmystyq kodeksi 2014 jylғы 3 şilдедегі No. 226-V QRZ. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000226> (In Kazakh).

9 Äkimşilik qūqyq būzuşylyq turaly Qazaqstan Respublikasynyñ Kodeksi 2014 jylғы 5 şilдедегі No. 235-V QRZ. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000235> (In Kazakh).

10 Uголовный кодекс Литовской Республики. URL: <https://www.lithuanialaw.com/lithuanian-criminal-code-495> (In Russian).

11 Bently L., Ginsburg J.C., Davis Je. (2008) The Making of Modern Trade Marks Law the Construction of the Legal Concept of Trade Mark (1860–1880). Cambridge University Press. No. 6. P. 3–41. URL: <https://tind.wipo.int/record/27788> (In English).

12 Uголовный кодекс Испании. URL: <https://www.mjusticia.gob.es/es/AreaTematica/DocumentacionPublicaciones/> (In Russian).

13 Maklakov V.V. (1999) Konstitucija zarubezhnyh gosudarstv. M.: Izdatel'stvo BEK. 584 p. (In Russian).

14 Kazarjan A.V. (2015) Specializirovannye sudy po intellektual'nyh pravam // Zhurnal Suda po intellektual'nyh pravam. No. 8. URL: <http://jursite.garant.ru/legal-issues/specialized-courts-for-intellectual-property-rights?ysclid=lyl4xbdkqm937400251> (In Russian).

15 Proshina Ju.V. (2017) Uголовная ответственность за преступления против интеллектуальной собственности по законодательству стран Европы // Molodoj uchenyj. No. 23 (157). P. 202–204. URL: <https://moluch.ru/archive/157/44342/> (In Russian).

КАЛМЫРЗА Г.М.,*¹

докторант.

*e-mail: g.kalmyrza@turan-edu.kz

ORCID ID: 0009-0001-5154-6180

АЛАЕВА Г.Т.,¹

к.ю.н., профессор.

e-mail: g.alayeva@turan-edu.kz

ORCID ID: 0000-0002-1644-3709

КӘДІРБАЙ А.Ә.,¹

м.ю.н., сениор-лектор.

e-mail: a.kadirbay@turan-edu.kz

ORCID ID: 0009-0001-3694-5415

¹Университет «Туран»,

г. Алматы, Казахстан

МЕЖДУНАРОДНО-ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ НЕЗАКОННОГО ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ТОВАРНЫХ ЗНАКОВ

Аннотация

Международное правовое регулирование незаконного использования товарных знаков играет ключевую роль в защите прав интеллектуальной собственности. Несмотря на существующие проблемы, такие как различия в национальном законодательстве и недостаточное международное сотрудничество, существуют реальные пути их решения. Гармонизация законодательства, расширение сотрудничества и использование современных технологий могут значительно повысить эффективность борьбы с контрафакцией, способствуя защите интересов правообладателей и обеспечивая честную конкуренцию на мировом рынке. В этой статье авторы исследуют ключевые международно-правовые механизмы, направленные на борьбу с незаконным использованием товарных знаков. Они также анализируют основные проблемы и предлагают пути их решения. Особое внимание уделяется уголовной ответственности за незаконное использование товарных знаков как в странах СНГ, так и в некоторых странах с континентальной правовой системой (Литва, Испания, Италия). Авторы пришли к выводу, что защита интеллектуальной собственности в Республике Казахстан основана на современной законодательной базе, соответствующей международным стандартам. Однако для повышения эффективности правоприменительной деятельности необходимо принять дополнительные меры, направленные на повышение осведомленности участников правоотношений, ужесточение санкций уголовного и административного законодательства, а также на укрепление международного сотрудничества.

Ключевые слова: товарный знак, незаконное использование товарного знака, интеллектуальная собственность, промышленная собственность, авторское право, уголовная ответственность.

KALMYRZA G.M.,*¹

PhD student.

*e-mail: g.kalmyrza@turan-edu.kz

ORCID ID: 0009-0001-5154-6180

ALAYEVA G.T.,¹

c.l.s., professor.

e-mail: g.alayeva@turan-edu.kz

ORCID ID: 0000-0002-1644-3709

KADIRBAY A.Ә.,¹

m.l.s., senior lecturer.

e-mail: a.kadimbay@turan-edu.kz

ORCID ID: 0009-0001-3694-5415

¹Turan University,

Almaty, Kazakhstan

INTERNATIONAL LEGAL REGULATION OF THE ILLEGAL USE OF TRADEMARKS

Abstract

International legal regulation of the illegal use of trademarks plays a key role in the protection of intellectual property rights. Despite the existing problems, such as differences in national legislation and insufficient international cooperation, there are real ways to solve them. Harmonization of legislation, enhanced cooperation and the use of modern technologies can significantly improve the effectiveness of the fight against counterfeiting, contributing to the protection of the interests of copyright holders and ensuring fair competition in the global market. In this article, the authors explore the key international legal mechanisms aimed at combating the illegal use of trademarks. They also examine the key issues and propose possible solutions. Particular emphasis is placed on criminal liability for the unlawful use of trademarks in both CIS member states and several countries adhering to the continental legal system (such as Lithuania, Spain, and Italy). The authors conclude that intellectual property protection in the Republic of Kazakhstan is grounded in a modern legal framework that aligns with international standards. Nevertheless, to enhance the effectiveness of law enforcement, additional steps are required, including increasing the awareness of parties involved in legal relations, strengthening criminal and administrative penalties, and expanding international cooperation.

Keywords: trademark, illegal use of a trademark, intellectual property, industrial property, copyright, criminal liability.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 21.11.2025